



ЖОЛТАР ЖАЛҒАСЫП
ЖАТЫР

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА –
ЖАЙЛЫ ҚОҒАМ

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ,
ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Білмек – парыз, істемек – парыз,
мөлшер – парыз, иланбақ – парыз,
ықылас – парыз.

Мәшһүр Жүсіп КӨПЕЙҰЛЫ

”

№42
(4786)
Сенбі
12 сәуір
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Әлемде су қоры бойынша 66-орында тұрған еліміздің ішкі тұщы суының жартысы өзге елдерден ағып келетін өзендерге тәуелді. Ауызсудың тапшылығы мен сапасына қатысты қиындық енді Астананың өзінен де сезіле бастады. Мамандар 10 жылда елордада суды тұтыну көлемі екі есеге артуы мүмкін екенін ескертеді. Осы жағдайды ескеріп биыл Қ.И.Сәтбаев атындағы каналдан қосымша су көзі тартылып, №4 сорғы-сүзгі станциясын салу жобасы басталмақ.

5



АСТАНА: СУ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛА МА?

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Астана қаласының көпсалалы медицина орталығында онкологиялық науқастар үшін сәулелік терапияға арналған заманауи жоғары технологиялық екі құрылғы іске қосылды.



TrueBeam желілік үдеткіші және соңғы үлгідегі КТ симуляторы онкологиялық науқастардың сыртқы сәулелік терапиясына арналған әлемдегі ең озық жоғары технологиялық құрылғылардың

бірі болып саналады. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) аясында пациенттерге барлық емдеу, оның ішінде диагностика және сәулелік терапия тегін көрсетіледі.

Somatom Go.Sim CT симуляторы топографияны орындау және сәулелік терапияға дайындалу үшін қолданылады. Ол науқастың жеке анатомиялық ерекшеліктерін ескере отырып, емдеу курсың дәл жоспарлауға мүмкіндік береді.

Бұл құралдардың көмегімен ересектер де, балалар да емделе алады.

Жабдық «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қайырымдылық жобасы аясында орнатылды.



Астана халықаралық әуежайында Taxi Point таксиге тапсырыс берудің жаңа жүйесі іске қосылды.

Бұл – Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі тәулік бойғы алғашқы сервис. Ол ұшып келгеннен кейін бірден белгіленген тариф бойынша таксиге тез және қауіпсіз тапсырыс беруге мүмкіндік береді.

Жобаны Астана әкімдігінің Astana Tourism туризмді дамыту орталығы жеке инвесторлармен бірлесіп іске асырды.

Әуежайдың келу аймағында терминалдар орнатылған, олар арқылы жылдам рәсімдеуге болады. Маршрутты таңдап, банк картасымен төлеп, такси туралы барлық ақпаратты алу мүмкіндігі қарастырылған: келу уақыты, маркасы, түсі мен көлік нөмірі, сондай-ақ жүргізушінің байланыс нөмірлері.

Taxi point сервисі қазақ, орыс, ағылшын, қытай, испан, француз және түрік тілінде жұмыс істейді.



ЕЛОРДА – «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ ҚАЛАСЫ»

ТМД елдері басшылары кеңесінде 1941-1945 жылдары Екінші дүниежүзілік соғыста әскери және азаматтық өнімдермен үздіксіз қамтамасыз етіп, Жеңіске үлес қосқан қалаларға «Еңбек даңқы қаласы» атағын беру жөніндегі келісімге қол қойылды.

Бұл құрметті атақ Ұлы Отан соғысының жеңісіне тылдағы көмегімен ерекше үлес қосқан бұрынғы Кеңес Одағының көптеген қалаларына беріледі. Қазақстан бойынша Астана, Алматы және Қарағанды қалалары «Еңбек даңқы қаласы» атағына лайықты деп табылды.

12-13
СӘУІР

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

10:00-ден 22:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді. Сонымен қатар күн сайын Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23, сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін жұмыс істейді.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 566.59 \$ USD/KZT 518.57 ₰ RUB/KZT 6.05 ¥ CNY/KZT 70.66

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



БІРҚАТАР НЫСАНДЫ АРАЛАП КӨРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Шымкент әуежайының жаңа терминалымен танысты. Мемлекет басшысының қаланы дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында салынған әуе айлағының құрылысына жеке инвестор 24 миллиард теңге қаражат жұмсаған. Президентке Қазақстанның оңтүстігінде бірегей авиациялық хаб қалыптастыру өңірдегі әуе қатынасының бағыт санын 17-ден 59-ға дейін ұлғайтуға, сондай-ақ Еуропа мен Азияның бірқатар еліне рейстер ашуға мүмкіндік беретіні жөнінде баяндалды.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы стратегиялық маңызы зор Батыс Қытай – Батыс Еуропа көлік дәлізіне жақын орналасқан Almaar Logistics сауда-логистика орталығына барды. Аумағы 24 мың шаршы метрді құрайтын көп функционалды кешен құрылысына жеке инвестор 14,8 миллиард теңге қаржы құйған. Орталық өнім сақтаудың озық технологиясымен жабдықталған. Атап айтқанда, тез бұзылатын азық-түлікті ұзақ сақтамай, барынша жедел таратуға мүмкіндік беретін жүйе енгізілген.

Сонымен қатар Президент ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесін аралап көрді. Қаладағы 50-ге жуық өңдеуші кәсіпорын былтыр 168,5 миллиард теңгенің өнімін шығарған. Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылыжай кешендерін салуға түркиялық Alarko Holding компаниясы 650 миллион доллар, ал Польшаның Fabe Polska SP кәсіпорны 136 миллион доллар көлемінде инвестиция құюға ниетті екені айтылды. Президент Шымкентке жұмыс сапары аясында жаңадан ашылған Coca-Cola Ісcesek Kazakhstan зауытын да аралап көрді. Озық технологиялармен жабдықталған және автоматтандыру деңгейі өте жоғары кәсіпорын жылына 283 миллион литрге дейін сусын шығара алады.

Мемлекет басшысы өндіріс барысымен танысқан соң, өңірдің экономикалық өсіміне серпін беретін ірі инвестициялық жобаларды қолдаудың маңызын атап өтті.

«SHYMKENT CITY» САЯБАҒЫН АРАЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Shymkent City» шағын ауданына жақын маңдағы жаңа саябаққа барды. Аумағы 20 гектардан асатын паркте сөйілдеуге және мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізуге барлық жағдай жасалған. Субұрпақты жасанды тоған, амфитеатр, ландшафты аллеялар, воркаут және скейт аландары бар.

Президент саябақ аумағында ағаш отырғызды. Қазіргі кезде Шымкентте адам басына шаққанда 4 шаршы метрге

БЕРЕКЕ ДЕГЕНІМІЗ – ЭКОНОМИКА, АЛ ЫНТЫМАК ДЕГЕНІМІЗ – САЯСАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жұмыс сапарымен Шымкент қаласына барды. Сапар барысында қаланың әлеуметтік-экономикалық даму ахуалымен танысты.

жуық жасыл желектен келеді екен. Экологиялық жағдайды жақсартып, қала тұрғындарына қолайлы орта қалыптастыру үшін алдағы жылдары 1 миллион түптен астам ағаш көшеті отырғызылмақ. Шаһардағы 12 саябақты абаттандыру, сондай-ақ гүлзарларды, Қошқар ата өзенінің жағалауы мен арықтарды тазалау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұрынғы қоқыс полигонының орнында Экопарк құрылысы қолға алынды. Бұдан бөлек, Президентке қытайлық Shaanxi Construction Engineering компаниясы ұсынған қоқыс өртеу зауытының жобасы таныстырылды. Зауыт тәулігіне 1 мың тоннаға дейінгі қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеп, электр энергиясын өндіре алады.

TULIP HALL КӨПФУНКЦИОНАЛДЫ КЕШЕНІНЕ БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы маусым айында пайдалануға берілген Конгресс-холл ғимаратымен танысты. Президент тапсырмасына сәйкес бой көтерген бұл көрікті нысан бұқаралық мәдени іс-шаралар өткізуге арналған. Мұнда сондай-ақ қолөнершілердің орталығы мен шеберханалары орналасқан.

Мемлекет басшысы Шымкентте жүзеге асырылып жатқан цифрлық шешімдермен танысты. Олардың қатарында отандық «СМЭУ Астана» әзірлемесіне негізделген бағдаршамдарды интеллектуалдық басқару жүйесі, Avtobus цифрлық платформасы бар. Sergek Group және Freedom Telecom компанияларымен бірге FWA 5G технологиясы негізінде жұмыс істейтін, жол қозғалысы мен мен қоғамдық тәртіпке үздіксіз мониторинг жүргізетін сыртқы бейнебақылау және жылдамдығы жоғары интернет жүйесі енгізіліп жатыр.

ШЫМКЕНТ – ШЫРАЙЛЫ ШАҒАР

Президент Конгресс-холға жиналған жергілікті қауым алдында сөйлеген сөзінде шаһарға жұмыс сапарымен арнайы келгенін, шырайлы Шымкент еліміз үшін өте маңызды қала, тарихы

терең қастерлі мекен екенін атап өтті.

«Халқымыз Шымкентті шырайлы шаһар деп атайды. Расында бұл – жердің ауа райы да, адамдары да өте керемет, ерекше деп айтуға болады. Қала тұрғындары өте еңбекқор, таза, іскер азаматтар. Осы жерде отырған әр азаматтың еңбегі мол. Мен баршаңызға шын көңілмен ризашылығымды білдіремін. Көне шаһар тоғыз жолдың торабында тұр. Ұлы Жібек жолы кезінде осы аймақтан өткені белгілі. Шымкентте ерте заманнан бері сауда-саттық өркен жайды, түрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің ізі қалды. Бұл керуеннің көші әлі де үзілген жоқ. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі осы қаланы басып өтеді. Күре жолдың арқасында шаһардың стратегиялық маңызы арта түсті. Менің бізер жыл бұрын Шымкент халқымен кездескенім естеріңізде болар. Сол кезде айтқан сөзімді тағы да қайталап өткім келеді: «Береке дегеніміз – экономика, ал ынтымақ дегеніміз – саясат». Шын мәнінде, осы екі құндылық елімізді алға бастайды. Мұны Шымкенттің бүгінгі келбетіне қарап айтуға да болады. Шаһар жыл өткен сайын қарыштап дамып келеді. Көптеген өндіріс орындары ашылып жатыр. Менің тапсырмаммен бірнеше әлеуметтік нысан салынды. Атап айтқанда, Конгресс-холл, екі Оқушылар сарайы, 11 жайлы мектеп бой көтерді. Айтпақшы, Шымкенттің бір топ азаматы Конгресс-холды «Tulip Hall» деп атамай, бұл ғимаратқа «Қызғалдақ сарайы» немесе «Қызғалдақ» деген атауды беру жөнінде ұсыныс айтып жатыр. Меніңше, орынды пікір, келісуге болады. Олай болса, сарайдың атауы «Қызғалдақ» болсын. «Қызғалдақ сарайы» деген сәл ұзақтау екен. Былтыр қалада жалпы аумағы 1,3 миллион шаршы метр болатын тұрғын үй салынды. Металлургия, құрылыс саласы, азық-түлік өндірісі қарқынды дамып жатыр. Былтыр қала экономикасы 11 пайызға өсті. Шымкентте 300-ден астам инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Соның нәтижесінде 9 мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Тек былтырдың өзінде

қалаға 770 миллиард теңгеге жуық инвестиция тартылған» деді Мемлекет басшысы.

КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЛАСЫ

Мемлекет басшысы халық арасында Шымкентті «кәсіпкерлердің отаны» деп атайтынына назар аударып, қала экономикасының жартысынан көбі 140 мыңға жуық шағын және орта бизнес нысанының еншісінде екенін жеткізді. «Мегаполистің демографиялық өсімі де жоғары. Табиғи өсіммен бірге, мұнда көшіп келіп жатқандар көп. Осының өзі қаланың тіршілікке қолайлы, болашағы зор екенін көрсетеді. Бірақ бақылаусыз көші-қон, яғни, миграция тиісті техникалық және әлеуметтік инфрақұрылымға әсер етеді. Мұны да ұмытпауымыз керек. Өрине, Шымкент мен жаңа айтып өткен табыстың бәріне, ең алдымен, еңбекқор, іскер әрі ұйымшыл халқының арқасында жетіп отыр. Қазіргі алмағайып заманда бұл қасиеттер әр азаматтың бойынан табылуы керек деп санаймын» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлем бетпе-бет келіп отырған жаңа сын-қатерлерге қатысты пікір білдірді. «Баршаңызға белгілі, жаһандық сауда соғысының өршуі салдарынан дүние жүзінде күрделі ахуал қалыптасып келеді. Егер мұндай текетірес орын алса, оның зардабын барлық ел тартады. Оған еш күмән жоқ. Бұл ретте біз Президент Трамптың аталған қақтығысқа қатысы бар елдердің ұстанымдарын нақтылап, мүмкіндігінше келіссөз бастау үшін 90 күн мораторий жариялау туралы байыпты шешімін құптаймыз. Сарапшылар елдердің бір-біріне қарсы тарифтер енгізуі әлем экономикасының құлдырауына түрткі болып, халықаралық сауда-саттықтың бүкіл ережесін тас-талқан етуі, тіпті, оның соңы қарулы қақтығыстарға дейін ұласуы мүмкін деп ескертеді. Алпта басында барлық негізгі индекстердің мәні төмендеп, мұнай бағамы барреліне 60 доллардан аспады. Алайда Америка билігі тарифтерді кейінге қалдыру туралы шешімін жариялаған соң, биржадағы бағалар

өсті. Қазір жағдай біршама тұрақталғаны байқалғанымен, әлемдік қор нарығы мен шикізат биржалары бұрын-соңды болмаған мазасыз күйге түсіп тұр. Әлемнің қатаң тарифтік қақтығыстар саясатына көшкені анық. Әңгіме кезекті рецессия жайында ғана емес, жаһандық экономиканың іргесін шайқап, халықаралық қатынастар жүйесіне ауыр зардабын тигізетін дағдарысқа бет алғанымызда болып отыр. Біз қазіргі ахуалды мұқият сараптап, барлық қауіп-қатерді ескеріп жатырмыз. Ешбір қиындыққа қарамастан, Қазақстан жан-жақты жаңғыру жолынан ауытқымайды, стратегиялық бағдарымыз да өзгермейді. Біз инфрақұрылым, көлік, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, цифрландыру және басқа да бағыттар бойынша ірі жобаларымызды жүзеге асыра береміз. Жұмыс тоқтамайды. Сондай-ақ әрине, мемлекетіміз әлеуметтік міндеттемелерін орындайды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖАҒАНДЫҚ АХУАЛ КҮРДЕЛІ

Президент жаһандық ахуалға мейлінше бейімделіп жұмыс істеу, яғни, әр қадамды мұқият ойластырып, салмақты шешімдер қабылдау арқылы Қазақстан экономикасын түрлі сын-қатерден сақтап қалу маңызды екеніне тоқталды. «Сондықтан Үкімет кез келген мәселені алдын ала қарастырып, тиімді және батыл әрекет етуге тиіс. Еліміздің мүмкіндіктері мол, әлеуеті орасан зор. Қаңтар-наурыз айлары бойынша ішкі жалпы өнімнің өсімі 5,8 пайыз болды. Бұл – қазіргі күрделі жағдайда өте жақсы көрсеткіш деп күмәнсіз айтуға болады. Ұлттық экономикамыз негізінен, көлік саласы, құрылыс саласы, өнеркәсіп және сауда-саттық есебінен дамып жатқанын атап өткім келеді. Бұл – өте маңызды жетістік. Сонымен қатар әлемдік дағдарыс күшейіп кеткен жағдайда еліміз Ұлттық қор резерві мен алтын валюталық қорының мүмкіндіктерін қолдана алады. Осындай күрделі уақытта біздің кәсіпкерлеріміз де ерекше белсенді жұмыс істейді деп сенемін. Себебі оларды ешқандай қиындыққа қарамай еңбек ете алатын нақты істің адамдары деп есептеймін. Бізге қазір құр сөздің еш қажеті жоқ. Біз бәріміз бір ел болып тек

табанды және тиімді жұмыс істеуіміз керек» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев салық реформасы жайындағы ойымен бөлісті. «Жаңа Салық кодексін әзірлеуге тапсырма берген кезде мен мейлінше түсінікті, тұрақты әрі әділ салық саясатына көшу жөнінде міндет қойдым. Шын мәнінде, біз салық саясатын қатаңдатпаймыз, керісінше ретке келтіреміз. Қазіргі кодекс көп өзгеріске ұшыраған. Заңға тәуелді актілерге және жекелеген жағдайларда басқаша ереже қолданатын ерекшеліктерге толы. Кодекс оқып, түсінуге қиын құжатқа айналған. Соның салдарынан кәсіпкерлер мен мемлекеттік қызметкерлер оны әрқалай қабылдап, өз уәждерін алға тартады. Қаптаған жеңілдіктер мен салық режимдері кәсіпкерлердің бір бөлігіне артықшылық берсе, тағы бірі оған наразы. Ол да негізсіз емес. Бастапқыда салық жеңілдігі экономиканың белгілі бір салалары мен бизнестің нақты санаттарын қолдау мақсатында енгізілген еді. Бірақ кәсіпкерлер жеңілдікті бас пайдасына жаратып, салықтан жалтарып, бизнестерін бөлшектей бастады. Мұндай жағдайға біз жол бере алмаймыз. Қазақстан жаппай офшор аймағына айналып кетпеуі керек. Мұның бәрі салықты басқару жүйесін күрделендіріп, салық жүктемесі әділетсіз бөлінетін жағдайға әкеп соқты. Қазір Парламентте мүлдем жаңа Салық кодексі қаралып жатыр. Аталған құжат бизнестің де, мемлекеттің де мүддесін ескеріп, кәсіпкерлерді салықты дұрыс төлеуге ынталандыруға тиіс. Қосымша салық түсімдері даму бюджетін ұлғайтып, жаңа мектептер, ауруханалар және басқа да әлеуметтік нысандар салуға мүмкіндік береді. Ашық және тұрақты салық жүйесі еліміздің инвестициялық әлеуетін күшейтеді. Осының бәрі азаматтардың әл-ауқатының жақсаруына, тұтас экономиканың өсіміне, яғни, түптеп келгенде, бизнестің дамуына өте тиімді әрі пайдалы болмақ» деді Мемлекет басшысы.

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЖОБА

Осы орайда Президент «Таза Қазақстан» акциясына айрықша тоқталып, бұл жоба аз уақыт ішінде бүкіл елді біріктіріп, жалпыұлттық сипатқа ие болғанын атап өтті. «Осы бастамаға шымкенттік ағайын да белсене атсалысып жатыр. Былтыр қалада 200-ден астам аула мен қоғамдық орын тазартылды, 200 мыңнан астам ағаш отырғызылды. «Таза Қазақстан» айналаны тазалаумен немесе сенбілікке шығумен шектелмейді. Оның ауқымы және мағынасы өте кең. Тазалық дегеніміз – ең алдымен, ішкі мәдениеттің өлшемі.



БІРЛІК – ЖЕТІСТІК КЕПІЛІ

Астана қаласының әкімдігінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында айтқан негізгі тезистерін талқылау бойынша сараптамалық кездесу өтті.

Іс-шараға Ұлттық құрылтай, Астана қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, қалалық мәслихат депутаттары, мәдениет, білім беру, жастар саясаты, цифрлық технологиялар және басқа салалардағы сарапшылар қатысты. Кездесу аясында кәсіптік білім беру, инклюзивті ортаны дамыту және елорданың цифрлық трансформациясы мәселелері талқыланды. Қатысушылар Smart city-шешімдерін енгізудің, қалалық жайлы ортаны құрудың және «Халық қатысатын бюджет» жобасы арқылы азаматтардың шешім қабылдауға қатысуын кеңейтудің маңыздылығын атап өтті.

Ұлттық құрылтай мүшесі, академик Кәрімбек Құрманәлиев Ұлттық құрылтайда көтерілген ономастика және архив құжаттарын цифрландыру мәселесіне тоқталды. Күн тәртібі аясында елордада театр өнерін дамытуға ерекше көңіл бөлінді. ӨзгеЕріс креативті хабының негізін қалаушы, «Тіл-Қазына» КЕАҚ бас директоры Мақпал Жұмабай өз ойын бы-

лай жеткізді: «2024 жылы елордада 1 013 спектакль қойылып, көрермендер саны 425 мыңнан асты. Бұл театрға деген қызығушылықтың артқанын көрсетеді. Сахна арқылы әдеби шығармаларды жандандыру көрермен мен әдебиет арасындағы байланысты нығайтады». Спикер сонымен қатар балалардың эстетикалық және эмоционалды тәрбиесінің маңызды элементі ретінде Қуыршақ театры үшін бөлек ғимарат ашу қажеттілігін атап өтті.

Жастар саясаты және есірткіні тұтынуға қарсы күрес мәселелері бойынша сөз сөйлеген «Есірткісіз болашақ» ҚҚ төрағасы Жандос Ақтаев: «Астана – бұл өңірлердің бірі ғана емес. Бұл – жастардың едәуір бөлігі шоғырланған елдің астанасы. Бұл жерде мегаполис пен халықаралық тәжірибені ескере отырып, өз жоспарыңыздың болуы өте маңызды. Біз Астана тұрақтылық пен қауіпсіздік моделіне айналуы үшін жүйелі және толықтай тиімді жағдайда жұмыс істеуге дайынбыз» деген пікірін айтты.

Қала әкімі Жеңіс Қасымбек жауапты басқармаларға қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, нашакорлыққа және ойынға тәуелділікке қарсы күрес жөніндегі қалалық кешенді жоспар әзірлеуді тапсырды.

Астана – еліміздің түкпір-түкпірінен мыңдаған азамат тартылған орталық. Елорда әкімдігі қолжетімді тұрғын үй салу, сапалы білім беруді ұйымдастыру, денсаулық сақтау мен оңалтудың дамыған жүйесі, сондай-ақ жұмысқа орналасу және өмір сүру сапасын арттыру үшін жоғары мүмкіндіктер бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр.

Кездесу соңында елорда әкімі қатысушыларға белсенді ұстанымы үшін алғыс білдірді. «Елорданың қарапайым тұрғыны – қоғамдық кеңістікті дамытуға тартылған белсенді, заңға бағынатын азамат. Алда үлкен міндеттер мен жаңа мүмкіндіктер тұр. Біз біріксек, үлкен жетістіктерге жететінімізге сенімдіміз» деп сөзін түйіндеді қала басшысы.

№ 9 «Зерде» мамандандырылған мектеп-лицейінде Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы Гүлназия Байулованың атындағы география кабинетінің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Elordainfo.kz. хабарлағандай, салтанатты жиынға Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығы директоры Сындар Дауешова, ардагер ұстаздар, мектеп директорлары мен педагогтар қатысты.

ГЕОГРАФИЯ КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ



География кабинетінің лентасын қию мәртебесі Оқу-ағарту министрлігі Мемлекеттік саясатты іске асыруды талдау және мониторингілеу басқармасының басшысы Айман Дүйсембаева және Қазақстанның білім беру ісінің үздігі, Гүлназия Байулованың ұстазы Майра Меркебаеваға ұсынылды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, 45 жыл педагогикалық өтілінің соңғы 16 жылын елорда төріндегі №9 «Зерде» мамандандырылған мектеп-лицейі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне арнаған, лицейдің оқу-тәрбие үдерісі мен әдістемелік жұмысын басқаруда өзіндік стилі қалыптасқан білімді менеджердің атындағы кабинет оқушылар үшін таптырмас білім алаңына айналмақ.

«Бүгін мектебімізде үлкен іс-шара ұйымдастырылуда. Бұл – мектебіміздің 20 жылдық тарихында болып жатқан ерекше оқиғалардың бірі. 16 жыл осы мектепте үздіксіз

қызмет еткен директордың оқу ісі жөніндегі меңгерушісі, Қазақстанның еңбегі сіңірген ұстазы Гүлназия Байулованың атындағы арнайы атаулы кабинет ашылып отыр. Мақсатымыз – ұстаздың жылдар бойғы еңбегінің жемісін бір алаңға жинақтап, жаңа буын ұстаздарға, жас ұрпаққа мұра етіп қалдыру. Сонымен қатар осы кабинетте жаңа оқыту әдістері мен технологияларын ұсына отырып, оқушылардың білім деңгейін көтеріп, дарындылардың қабілетін ұштай түсу» деді №9 «Зерде» мамандандырылған мектеп-лицейінің директоры Нұрбек Аманов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ұстаздың шәкірт тәрбиелеудегі ұстанымы «Әр оқушы – ерекше дарын иесі» деген сенімге негізделген. Сондықтан Гүлназия Байулованың еңбегі мен әдістемелік тәсілдері жас мамандарға үлгі болып, білім беру саласында жаңа бастамаларға жол ашады.

БЮДЖЕТ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қалалық мәслихатының жұмыс кеңесінде 2025 жылға арналған Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының негізгі жұмыс бағыттары талқыланды, деп хабарлады Elordainfo.kz.



Кездесу барысында бюджеттік инвестициялық жобаларды сүйемелдеу және жарғылық капиталды толықтыру, мемлекеттік-жекешелік әріптес-

тік (МЖӘ) жобаларын ілгерілету, стратегиялық жоспарлау және жобалық офисті жаңғырту сынды ба-сым бағыттар қарастырылды. Сон-

дай-ақ жергілікті бюджеттің өзіндік кірістері мен салық түсімдерінің құрылымы, оның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы түсімдер де талқыланды.

«2025 жылға жоспарланған МЖӘ жобаларына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, «Индустриялық парк-2» құрылысын салу, «Өндіріс» және «Теміржол» тұрғын алаптарында электр желілерін тарту, сондай-ақ Астана қаласының инфрақұрылымын басқаруға арналған жасанды интеллект негізіндегі шешімдерді енгізу жобалары бар. Бұл жобалар қаланың экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына тың серпін бермек» деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

КЕҢЕС ҚҰРЫЛДЫ

Астаналық полиция департаментінде Есірткі қылмысының алдын алу жөніндегі кеңес құрылды.

Кеңестің басты мақсаты – «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасын іске асыруда және есірткі құқық бұзушылықтарының алдын алуда мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның күш-жігерін біріктіру. «Аталған кеңестің құрылуы нашакорлықтың алдын алу жұмысын жаңа деңгейге көтеруге, бұл мәселені шешуге жан-жақты қарауға, қоғам қайраткерлері мен

сарапшыларды тартуға мүмкіндік береді» деді Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев.

Кеңес құрамына Мәжіліс және Астана қаласы мәслихатының депутаттары, медиа тұлғалар, танымал спортшылар мен қоғамдық ұйым өкілдері кірді. Барлық қатысушыларға кеңес мүшесі екенін растайтын куәліктер тапсырылды.

ҮЙ КЕЗЕГІНДЕГІЛЕР ҚАПЕРІНЕ!

Астанада тұрғын үй кезегінде тұрған жандарға арналған қажетті құжаттар тізімі жарияланды. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты ақпарат таратты. Тұрғын үй орталығы жыл сайын кезек тізімдерін түгендеу және тұрғын үйді кезек тәртібімен беру мәселесін қарау аясында «Халықтың әлеуметтік осал топтары» және «Көпбалалы отбасылар» санаттары бойынша тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде тұрған азаматтарға тізбеге сәйкес сұратылған құжаттарды ұсынуды сұрайды.

ӨТІНІШ БЕРУ ҮШІН СІЗДЕ БОЛУЫ КЕРЕК:

- 1) ЭЦҚ кілті;
- 2) өтініш берушіге және Қазақстан Республикасы бойынша отбасының барлық мүшесіне жылжымайтын мүліктің жоқтығы (бар болуы) туралы анықтама (анықтама өтінім берген сәтте күніне бір күн, ҚР электрондық үкімет порталынан алынуы тиіс – EGOV.KZ);
- 3) балалардың туу туралы

куәлігінің сканерленген нұсқасы / отбасы мүшелерінің жеке куәлігі (бар болса);

- 4) неке қию /бұзу/ әке болуды анықтау туралы куәліктің сканерленген нұсқасы/№4 нысан/қайтыс болу туралы куәлік (бар болса);
- 5) үлесі, тұрғын жылжымайтын мүлкі, жатақханаларда бөлмелері болған кезде меншік құқығының туындағанын растайтын құжаттарды (сатып алу сату/ сыйға тарту/ айырбастау/жекешелендіру /беру/

мұрагерлік құқығы туралы куәліктің көшірмесі және т. б.) ұсыну қажет;

- 6) өтініш берушінің және кезекте тұрған отбасының құрамында көрсетілген отбасы мүшелерінің мүгедектігі туралы анықтаманың сканерленген нұсқасы (бар болса).

Құжаттарды тапсыру мерзімі мен тәсілі:

Құжаттар 2025 жылғы 14-30 сәуір аралығында birge.astana.kz порталы арқылы электронды түрде қабылда-нады.



ЕРЕКШЕ ШАРТТАР:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтардың қамқоршылары құжаттарды Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының кеңсесіне жеке өзі келіп тапсыруы қажет.

Мекенжайы: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Республика даңғылы, 32 (Тұрғын үй орталығының бірінші қабаты).

Құжаттарды уақытылы тапсырмаған жағдайда немесе олардың дұрыс болмауы кезек тізімінен шығуға әкеп соғуы мүмкін.

Астанада қала тұрғындарына білімі мен біліктілігін, сондай-ақ табысын арттыруға көмектесетін JOLTAP жобасы жалғасып жатыр. Бүгінде жоба қатысушылары жұмысқа орналасып, тіпті өз кәсібін бастап жатқандар да бар.



JOLTAP ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Он жылдан бері әйелдер киімін сатып жүрген елордалық кәсіпкер Ләззат Ибраева JOLTAP жобасы бойынша үш оқу курсын тәмамдаған. Кәсіпкер бұл жобаға ойламаған жерден келгенін айтады.

– Мен он жылдан бері киім сатып, кәсіп жүргізіп келемін. Дегенмен оқудың ерте-кеші жоқ деп ойлаймын. Бұл жобаға қызымның айтуы бойынша келдім. Былтыр ол мобилографияны оқуды қалап, курсқа жазылуға бірге барған едік. Осылайша жоба бойынша басқа да мамандықтар тізімімен таныстым. Сол кезде «Маған да оқуға бола ма?» деген сұрақ туындады. Курс туралы жалпы ақпараттарды алған соң, «Модельер-конструктор» курсына жазылдым, – дейді қала тұрғыны.

Ләззат Ибраева алғашқы оқуды аяқтаған соң, әрі қарай «Тігін ісі» курсына жазылып, тағы бір жаңа мамандықты меңгеріп алған.

– «Модельер-конструктор» курсы екі аптаға созылды. Осы уақыт ішінде киімдерді пішу, кесу және оның үлгісін жасауды

үйрендік. Кейін осы сала қызық болған соң, «Тігін ісі» курсына жазылдым. Біз үш апта бойы киім тігу және киімдерді қайта жөндеу тәсілдерімен танысып, тәжірибеден өттік. Бүгінде алған білімдерімді тауар таңдауда қолданып жүрмін. Киімдердің дұрыс тігілгені мен үлгісі дұрыс жасалғанын нақты айта аламын. Тіпті кейде киімді өлшеп көрген сатып алушылардан кейін ақаулар болуы мүмкін. Оны өзім қайта жөндеп аламын, – дейді ол.

Елордалық кәсіпкер наурыз айында онлайн сауда жасау негіздерін де меңгеріп алған.

– Қазір онлайн сауда қызу жүріп жатыр. Сондықтан тауарларымды онлайн сату үшін «Kaspi-де жұмыс жасау негіздері» курсын оқып алдым. Алты күн ішінде онлайн платформаға тіркелу, сату және жеткізу туралы көп ақпарат білдім. Алдағы уақытта әйелдерге арналған киімдерді онлайн сатуды қолға аламын. Жалпы маған бұл жоба қатты ұнады. Тек бір оқумен шектемей, тұрғындарға бірнеше мамандық меңгеруге мүмкіндік

береді. Оқытушылардың кәсібилігі мен шыдамдылығы үшін алғысымды білдіремін, – деді Ләззат Ибраева.

Жобаның игілігін көргендердің бірі – Жұлдыз Жұмаділова он жеті жылдан бері интерьер дизайнымен айналысады. Дегенмен бала кезінен тігіншілікке әуес болған.

– Мен Instagram арқылы JOLTAP туралы білдім. Бұл менің арманымды орындауға берілген мүмкіндік екенін түсініп, «тігінші» және «модельер» мамандықтары бойынша курстарға жазылдым. Жаттығудың алғашқы күндерінен-ақ дұрыс таңдау жасағанымды түсіндім, – дейді жоба түлегі.

JOLTAP бағдарламасы қатысушыларға жаңа мамандықтарды тез меңгеруге мүмкіндік беретін қарқынды тәжірибеге негізделген.

– Курстар өте сапалы түрде өтеді. Мұғалімдерге, әсіресе тәлімгерім Анара Төлегенқызына кәсіби шеберлігі үшін алғыс айтамын. Ол бізге мамандықтың барлық қыр-сырын жеткізіп, қиын сәттерді түсінуге көмек-

тесу арқылы табысқа жетуімізге себеп болды, – дейді ол.

Ол тігіншілікті бала күнінен ұнатады. Ал алған білімі оның жаңа деңгейге шығуына мүмкіндік берді. Енді ол сән және киім саласындағы бизнесін де дамытуды жоспарлап отыр.

– Осыған дейін хоббиімді кәсіби қызметке айналдырамын деп ойламаппын. JOLTAP маған жаңа дағдыларды үйретіп қана қойған жоқ, мүмкін болатын нәрселер туралы көзқарасымды толығымен өзгертті. Қазір мен өз қабілетіме сенімдімін және осы салада дамуды жоспарлап отырмын. Жаңа мамандықты тегін әрі тиімді меңгеруге мүмкіндік жасаған ұйымдастырушыларға алғыс айтамын. Бұл – көптеген адамдардың болашағына жасалған үлкен инвестиция. JOLTAP тек мамандықты өзгертуге ғана емес, сонымен қатар өзіңізді ашуға және арманыңызды жүзеге асыруға көмектеседі. Мен бұл білім үшін өте ризамын және мұндай бағдарламалар дами береді деп сенемін, – деді Жұлдыз Жұмаділова.

ЖОБА АЯСЫНДА ЖӨНДЕЛЕДІ

Елорда бірнеше жылдан бері «Халық қатысатын бюджет» жобасы сәтті жүзеге асып келеді. Соның арқасында астаналықтар өз аулаларын абаттандыру, жарықтандыруды жақсарту және жайлы қалалық ортаны құру бойынша ұсыныстар енгізу үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік алды.



Жоба қазір елорданың барлық алты ауданында жүзеге асып жатыр.

Бағдарлама жеті кезеңнен тұрады: сарапшылық кеңесті құру, өтінімдер қабылдау, жобалық ұсыныстарды талдау, дауыс беру, қорытындылау, жұмыс жоспарларын әзірлеу және жүзеге асыру.

Елорданың Сарыарқа ауданында 2025 жылдың 20 қаңтары мен 1 наурызы аралығында өтініштерді қабылдау кезеңін-

де тұрғындардан 73 жобалық ұсыныс түскен. Сараптамалық кеңес барлық өтінішті қарап, 43 жобаны дауыс беруге мақұлдады.

Үздік абаттандыру жобаларына дауыс беру кезеңі 6-24 сәуір аралығында Сарыарқа ауданы әкімдігінің сайтында өтеді. Тұрғындар Egov Mobile қосымшасында дауыс беру арқылы жүзеге асыру үшін үздік жобаларды таңдайды. Ең көп дауыс жинаған жобалар 2026 жылғы құрылыс маусымында

жүзеге асырылады.

Нұра ауданының тұрғындары «Халық қатысатын бюджет-2025» бағдарламасының қорытындысын шығарып үлгерді. Дауыс беру қорытындысы бойынша биылғы жазда 10 аула күрделі жөндеуден өтеді. Оның ішінде 8 жобалық ұсыныс ең көп дауыс жинап, жеңімпазы атанды.

Бағдарлама аясында 74 өтінім беріліп, оның ішінен сараптамалық кеңес жетілдіру критерийіне сәйкес келетін 15

жобаны таңдап алды. Олардың тең жартысы қала тұрғындары тарапынан барынша қолдау тапты. Бұл жобаларды жүзеге асыру сәуір айының ортасында басталып, жұмыстарды қыркүйектің екінші жартысында аяқтау жоспарланып отыр.

Байқоңыр ауданында 2025 жылдың 20 қаңтары мен 1 наурызы аралығында тұрғындардан барлығы 9 жобалық ұсыныс түсті. Атап айтсақ, Ж.Омаров көшесіндегі №150, Абай даңғылындағы №63, Кенесары көшесіндегі №42, 42/1, 44, 46, С.Торайғыров көшесіндегі №1 және №3/1, С.Сейфуллин көшесіндегі №33,35, М.Ғабдуллин көшесіндегі №1, Рахимов көшесіндегі №91 және Республика даңғылындағы №8 үйлердің тұрғындары өз ұсыныс-пікірлерін жеткізген болатын. Олардың барлығы келесі кезеңге дауыс беруге өтті.

Алматы ауданы әкімі аппаратының абаттандыру бөлімінің басшысы Бахтияр Топаетовтың айтуынша, тұрғындардан 123 өтініш келіп түскен. Жобаларға дауыс беру 24 сәуірге дейін аудан әкімі аппаратының сайтында өтеді.

1 наурызда Сарайшық ауданында өтініш қабылдау аяқталды. Сараптамалық кеңес дауыс беру кезеңіне 36 жобаны мақұлдады.

Дайын жобалар аудан әкімдігінің ресми сайтына жүктеледі, онда «Халық қатысатын бюджет-2025» қосымша беті бар. Техникалық талдау мен тексеруден кейін өтінімдер дауыс беру кезеңіне өтеді.

ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ БАСТАЛДЫ

Жыл сайын көктемде республикамыздың табиғи ресурстары үлкен қауіп-қатерге душар болады. Бұл кезеңде орманды дала өрттерінің қаупі жоғары. Көбінесе бұған адамдардың өздері кінәлі: құрғақ шөптерді, егістіктердегі сабандарды рұқсатсыз жағу, бау-бақша учаскелерін тазалау және соның салдарынан қоқыс пен шөпті өртеу орын алады.

Сондай-ақ халық демалыс кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамайды. Осы кезеңдегі өрттердің көпшілігі азаматтардың отқа абайсыз қарауынан және балалардың бақылаусыздығынан болады. Балаларға дұрыс бақылаудың болмауы және үлкендердің немқұрайдылығы – орны толмас өкініштерге әкелетін факторлар.

Құрғақ шөп арқылы тез тараған өрт әртүрлі ғимараттарға, көліктерге, саяжайлар мен бақша үй-

баңыз, тұтанған темекі тұқылын тастамаңыз. Балалар арнайы бөлінген жерлерде және мұқият бақылауда болғаны абзал. Құрғақ шөптер мен былтырғы жапырақтарды жағу кезінде аса абай болыңыз. Отты сөндірілмеген күйінде қалдырмаңыз. Ол мұқият өшірілуі немесе құммен жабылуы керек.

Егер өрт орын алса, оны бастапқы кезеңде сумен немесе дымқыл дастарқанмен, көрпе-



леріне таралып, орасан зор материалдық шығын келтіріп, адамдардың өміріне қауіп төндіреді. Сонымен қатар, өрт еліміздің ұлттық байлығы – бірегей ормандарға орасан зор қауіп. Адамдардың өміріне қауіп төндірмеу үшін бірқатар қарапайым ережелерді қатаң сақтау қажет. Атап айтсақ, тұрғын үйлер мен көгалдандыру алаңдарына іргелес аумақты құрғақ шөп пен қоқыстан алдын ала тазартып отыру; тұрғын үйлер аумағына, сондай-ақ орман маңына қоқыс тастауға жол бермеу аса маңызды.

Тұрғын үйлердің жанында, саяжайларда және ормандарда қоқыс жағуға болмайды. Өрт қауіпті кезеңде орманға баруды шектеңіз, от жақпаңыз және ашық от қолдан-

мен немесе кез келген басқа тығыз синтетикалық емес материалмен жабу арқылы сөндіруге болады, мүмкіндігінше өрт сөндіргішті қолданыңыз. Бірақ жалын тарап кеткенде, тезірек 101 нөміріне қоңырау шалып, қауіпті аймақтан кетуге асығыңыз. Жауапсыздық, немқұрайлылық, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамаудың соңы орны толмас өкініш тудырып, қоршаған орта мен жеке-леген азаматтарға орасан зор зиян келтіруі мүмкін.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы
ТЖД Алматы ауданы
Төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Деректерге сүйенсек, еліміздегі тұщы судың қоры 539 млрд текше метрді құрайды. Мұның 101 млрд текше метрі өзендерге тиесілі. Ал ол өзендердің 19 пайызы Қытайдан келсе, қалғаны Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдеріне тиесілі. Былайша айтқанда, Қазақстандағы тұщы судың 45 пайызын басқа елдерден келетін өзендер құрайды. Бұл – бүкіл суымыздың тең жартысына жуығы шетелден келеді деген сөз. Оның үстіне соңғы кездері Қытай елі Ертісті бұрып, Ілені бөгеп алғалы елдегі су мәселесі арта түсті. Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей елдері де әр жылы суды қысып беріп, төменгі ағарда отырған біздің елдің дихандары ұдайы зиян тартып келе жатқаны жасырын емес.

2023 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев су мәселесіне арнайы тоқталып: «Ел экономикасын тұрақты дамытуға су тапшылығы қатты кедергі болып отыр. Қазір бұл ұлттық қауіпсіздік мәселесіне айналды. Сырттан келетін су азайып барады. Сол судың өзін тиімсіз пайдалану жағдайды одан әрі ушықтыруда» деп атап өтті.

Президент судың 40 пайызының құмға сіңіп, ысырап болатынын, инфрақұрылымның ескіргенін, цифрландырудың төмендігін, сала мамандарының тапшылығын ерекше атап, осы саланы реформалауға Үкіметке нақты тапсырмалар жүктеген еді. Жолдауда айтылғандай, су тапшылығы ендігі жерде табиғи апат немесе кездейсоқтық емес, ұлттық қауіпсіздіктің басты факторына айналды.

Ертеректе жазылған деректерде «Қазақстан аумағында ірілі-ұсақты 85 мың өзен бар, олардың ішінде 7 өзеннің (Ертіс, Тобыл, Есіл, Жайық, Сырдария, Іле, Шу) ұзындығы 1000 шақырымнан асады, еліміздегі үлкенді-кішілі көлдердің саны да 40 мыңнан асады» деген мәлімет бар. Осыдан 5 жыл бұрын Үкімет мүшелері «бүгінде ауданы бір шаршы шақырымнан асатын 2328 көл бар, сондай-ақ 2552 өзен жайлы ақпарат бар» деген мәлімет таратқан еді. Одан бері де бұл көлдердің қаншасының суы азайып, қанша өзен тартылып қалды? Бұл жөнінде нақты ақпарат жоқ. Мейлі, қалай айтсақ та, еліміздің қай өңірінде болсын су тапшылығы мәселесі барған сайын күрделеніп, судың тартылып бара жатқаны шындық. Бұл жайт соңғы кездері Арқа алқабында да айқындала түсті.

АСТАНАНЫҢ
ШЕТІН МӘСЕЛЕСІ

Су тапшылығы бүгінде Астанада да өткір сезіле бастады. Бас



СУ — ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТІРЕГІ

АСТАНАҒА ДА МОЛ АУЫЗ СУ КЕРЕК

Қазақстан су ресурстары жағынан бай мемлекеттер қатарында емес. Жыл сайын су тапшылығы мәселесі еліміздің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығына кері әсерін тигізіп келеді. Бұл – ел аумағының табиғи ерекшелігі ғана емес, сонымен бірге су ресурстарын тиімсіз басқарудың салдары. Мәселен, Қазақстан әлемдегі 179 елдің ішінде су қоры бойынша 66-орында тұр. Жан басына шаққандағы су тұтыну көлемі бойынша 11-орында. Тұтынатын судың жалпы көлемінің 4%-ы шаруашылық пен ауыз су қажеттілігіне, 26%-ы өнеркәсіп қажеттілігіне, 70%-ы ауыл шаруашылығына арналған.

қаланың жылдам өсу қарқыны инженерлік инфрақұрылымның үлгеру мүмкіндігінен асып түсті. Қалада алғашқы су сүзу станциясы 60-жылдары іске қосылса, екіншісі араға жарты ғасырдай уақыт салып, 2011 жылы пайдалануға берілді. Бірақ олардың қуаты халық саны мен құрылыстың қарқынды өсуіне сай келмей қалды.

2021 жылдан бастап «Астана» су қоймасынан су тартатын жаңа құбыр желісі мен №3 сорғы-сүзгі станциясының (3-ССС) құрылысы басталды. Қуаты тәулігіне 105 мың текше метр болатын бұл станция 2024 жылы іске қосылды. Қазір Астанадағы осы №3 сорғы-сүзгі станциясы (қуаты – 410 мың текше метр/тәу.) қала тұрғындарының су тұтыну қажеттілігінен толық шығып тұр. Статистика мәліметтеріне сүйенсек, бүгінде елорда тәулігіне 330 мың текше метрге дейін су тұтынады.

Аландаушылық тудыратын жайт – болашақта суды тұтыну көрсеткіші күрт өседі. Бас жоспарға сәйкес, Астананың суға деген тәуліктік сұранысы алдағы 10 жылда 700 мың тек-

ше метрге дейін жетуі мүмкін. Бұл – қазіргі деңгейден екі есе көп. Мысалы, 2007 жылы Астанада су тұтыну мөлшері 43,5 млн м³ болса, 2012 жылы – 60 млн м³, 2020 жылы – 105 млн м³, 2023 жылы 122 млн м³-ге дейін артқан. Яғни соңғы 15 жылда тұтыну шамамен үш есеге өскенін ескерсек, алдағы уақытта бұл көрсеткіш көбеймесе, азаймайтыны анық.

ҚҰРЫЛЫСТАН ТУАҢ ТАПШЫЛЫҚ

Астананың бас ауруына айналған тағы бір мәселе – құрылыс қарқынының шектен тыс үдеуі. Елде жыл сайын пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі бойынша Астана бірінші орында. Жылына 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй және

коммерциялық ғимараттар салынады. Бұл нысандарды сумен, жылумен, электр қуатымен қамту аса қиын.

Құрылыс тек құрылыс емес, ол судың да, энергияның да, инфрақұрылымның да тұтынушысын көбейтеді. Қаланың тығыздалуы, жаңа шағын аудандардың көбеюі – су тапшылығы мәселесін ушықтыратын басты факторлардың бірі.

Астанада су тапшылығын болдырмау үшін алдағы жылдарға жоспарланған ірі инфрақұрылым жобалары бар. Соның бірі – қуаты тәулігіне 210 мың м³ су беруге қауқарлы №4 сорғы-сүзгі станциясының құрылысы. Бұл нысан Қаныш Сәтбаев атындағы каналдан тартылатын екі құбыр арқылы сумен қамтылмақ.

Бүгінде «Астана» су қоймасы

АСТАНАДА СУ ТАПШЫЛЫҒЫН БОЛДЫРМАУ ҮШІН АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН ІРІ ИНФРА-ҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫ БАР. СОНЫҢ БІРІ – ҚУАТЫ ТӘУЛІГІНЕ 210 МЫҢ М³ СУ БЕРУГЕ ҚАУҚАРЛЫ №4 СОРҒЫ-СҮЗГІ СТАНЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Бүгінде «Астана» су қоймасы (жобалық көлемі – 410,9 млн м³) – қаланың басты су көзі. Ол Есіл өзенінің ағынына тәуелді. Көктемгі су тасқынының аз-көптігі қойманың толуына тікелей әсер етеді. Сондықтан қосымша ресурс ретінде Қаныш Сәтбаев каналынан 19,7 шақырым су құбырын тартып, Ертіс өзенінің суын Астанаға жеткізу өте маңызды шешім болар еді. Бұл мәселені мамандар үнемі айтып, жобасын жасағанымен, ол әлі күнге дейін жүзеге аспай келеді.

(жобалық көлемі – 410,9 млн м³) – қаланың басты су көзі. Ол Есіл өзенінің ағынына тәуелді. Көктемгі су тасқынының аз-көптігі қойманың толуына тікелей әсер етеді. Сондықтан қосымша ресурс ретінде Қаныш Сәтбаев каналынан 19,7 шақырым су құбырын тартып, Ертіс өзенінің суын Астанаға жеткізу өте маңызды шешім болар еді. Бұл мәселені мамандар үнемі айтып, жобасын жасағанымен, ол әлі күнге дейін жүзеге аспай келеді.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ –
ҮНЕМСІЗ АЙМАҚ

Су – тек Астана ғана емес, тұтас Орталық Азия аймағына ортақ мәселе. БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) дерегінше,

Орталық Азия елдерінде су тапшылығынан бұрын суды үнемсіз пайдалану өзекті болып отыр. Аймақ мемлекеттері суды тым көп, бейберекет жұмсайды. Мысалы: Түрікменстан жан басына шаққанда – 5319 м³, Қазақстан – 2345 м³, Өзбекстан – 2295 м³, Қырғызстан – 1989 м³, Тәжікстан 1895 м³ суды жыл сайын тұтынады. Оның үстіне бұл елдерде ауыл шаруашылығына пайдаланатын су мөлшері дамыған елдерден 2,5-3 есе артық. Судың 90 пайызы дәнді дақылдарды суаруға жұмсалады.

Ауыз судың сапасы да су тапшылығы мәселесіне айрықша әсер етеді. Нақтырақ айтқанда, Астана тұрғындарының көбі ауыз судың сапасына көңілі толмай, үйіне сусүзгіш (фильтр құрылғысы) орнатып алған. Яғни ауыз су сапасының төмендігі халықты амалсыздан жеке филтрлерге көшуге итермелеп

отыр. Алайда мұндай құрылғылардың көбі суды тазартып қана қоймай, ысырап ету арқылы жұмыс істейді. Мысалы, кері осмос технологиясымен жұмыс істейтін кейбір сүзгілер 1 литр таза су алу үшін 3-5 литр суды ысырап қылады. Бұл экологиялық та, экономикалық та тұрғыдан тиімсіз. Әсіресе су ресурсы шектеулі ел үшін күрделі жағдай.

Ауыз су сапасына қатысты мәселенің түбегейлі шешімі – жеке сүзгілерге тәуелділікті азайтып, қоғамдық су тазалау жүйесін жаңғырту мен заманауи технологияларға көшіру. Мемлекет тарапынан орталықтандырылған су тазарту қондырғыларын халықаралық стандарттарға сай жетілдіру, су сапасына тұрақты мониторинг жүргізіп, оны ашық түрде жариялап отыру халықтың сенімін арттырып, филтрлерге деген қажеттілікті төмендетеді. Сонымен қатар жеке сүзгілерді пайдаланушыларға су үнемдеуші технологияларды қолдануды ұсыну, тіпті ынталандыру су ысырабының алдын алудың тағы бір тетігі болмақ. Бас қаладағы су мәселесін шешуде бұл түйінге назар аударған жөн.

«Судың да сұрауы бар» дегендей, Қазақстанда суды үнемдеуге бет бұратын уақыт жетті. Әсіресе заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу ауыл шаруашылығының дамуына жаңа серпін беріп қана қоймай, судың ысырап болуының алдын алатыны анық. Әрине, суармалы алқаптар молайса, мал азығы көбейіп, ет пен сүт бағасы тұрақтанады; егін түсімі артса, нан мен ұнның бағасы қымбаттамайды; суды бейберекет тұтыну азайса, тапшылық та төмендейді. Бұл ретте Израильдің тамшылатып суару тәжірибесін енгізу өте тиімді болмақ. Сондай-ақ Қытайдың да су үнемдеу тәжірибесін зерделеу қажет.

Ірі қалаларда ластанған суларды тазалап, қайта пайдалану, құдықтардың тереңдігін бақылау, жерасты суын сақтау – осы бастан қолға алатын маңызды қадамдардың бірі. Өйткені ХХІ ғасырдың қымбат «тауары» – су. Яғни бұл ғасырда мұнай мен газ емес, ең құнды ресурс су болатыны анық. Сондықтан суды сақтау, қорғау, үнемдеу – тек Үкіметтің емес, әр азаматтың парызы. Астана – елдің жүрегі. Оның тынысы тарылса, Қазақстанның да болашағы бұлыңғыр. Сондықтан елордадағы су тапшылығы мәселесіне қазірден көңіл бөлмесек, ертең бәрі де кеш болуы мүмкін...



– Соңғы уақытта мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамнан тыс қалмауына мемлекет тарапынан жіті көңіл бөліне бастады. Әсіресе, Астананы кедергісіз аймаққа айналдыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға Мемлекет басшысы да ерекше назар аударып келеді. Олар тек жәрдемақы алып қана қоймай, өздерін қоғамның мүшесі әрі пайдалы еңбеккер ретінде сезінуі керек қой, қалай ойлайсыз?

– Әрине, сөзіңіздің жаны бар. Соңғы жылдары елімізде инклюзивті қоғам құруға үлкен көңіл бөлінуде. Қазірдің өзінде белгілі бір нәтижелер бар. Бүгінгі таңда Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ауқымды саяси реформалар жүзеге асып жатыр. Алайда инклюзивті қоғам бір күнде құрылмайды. Инклюзия өміріміздің барлық саласына енуі үшін оған тек мемлекет қана емес, сонымен бірге қоғамдық қатынастардың барлық субъектісі де, оның ішінде жеке бизнес те қатысуы керек.

Биыл Бурабайдың баурайында ұйымдастырылған Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Президент көптеген маңызды мәселені көтеріп, осы тұста тағы да инклюзия тақырыбына ерекше назар аударғаны қуантады. Айтуынша, тұрғындарға, әсіресе әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға баспананың қолжетімді болуы – тұрмыс сапасының жақсарғанын білдіретін негізгі көрсеткіш. Былтыр мемлекет осы санаттағы адамдар үшін 21 мыңға жуық пәтер сатып алды, сонымен қатар ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін оңалту орталықтары ашылды. Семей, Тараз, Кентау, Орал қалаларында осындай орталықтар бой көтерді, 2026 жылға дейін Ақтөбе, Атырау, Көкшетау, Шымкент және Талдықорғанда да ашылатыны жоспарлануда. Қазіргі уақытта мүгедектігі бар адамдар үшін оңалту және тұрғын үймен қамтамасыз ету – ең өзекті мәселелердің бірі.

«Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар әрбір баланың толыққанды білім алуға мүмкіндігі болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Сондықтан жыл соңына дейін осындай балаларға жан-жақты қолдау көрсету ісін реттейтін жаңа заң әзірлеу керек» деді Мемлекет басшысы. Бұл бастама, яғни жаңа бөлек заң еліміздің әрбір мүгедектігі бар бала үшін тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған нақты қадамдар болатынына сенімдімін. Біз инклюзияны қолдаймыз және осы бағыттағы жұмыстардың жалғасатынына сенеміз. Біздің қоғамда әрбір азаматтың өмірі маңызды.

ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА – ЖАЙЛЫ ҚОҒАМ



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша әлем халқының шамамен 15 пайызы мүгедектіктің қандай да бір түріне шалдыққан. Бүгінгі таңда елімізде I және II топтағы мүгедектігі бар адамдардың саны шамамен 340 мың адамды және 80 мыңға жуық ерекше қажеттілігі бар балаларды құрайды. Соңғы деректерге сенсек, Астанада мүмкіндігі шектеулі жандардың қатары 36 мыңнан асып барады. Оларды толғандырған мәселелер туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Өңірлік даму және экономикалық реформа комитетінің мүшесі, «Инклюзивті Парламент» депутаттық топтың басшысы Ерлан ӘБДИЕВ пікір білдірді.

– Ерлан Тұрсынбайұлы, кедергісіз орта құру кез келген дамыған қоғамның басты міндеті екені белгілі. Осы бағытта Астанада біртіндеп жақсы үрдіс қалыптасып келеді. Бұл ретте Еуразиялық инклюзивті қоғамды дамыту қауымдастығының атқарып жүрген жұмыстарына тоқталсаңыз. Бүгінде олар немен айналысады?

– Еуразиялық инклюзивті қоғамды дамыту ассоциациясының президенті Вячеслав Евгеньевич Пактің жетекшілігімен біз әлемді барлық адамға бірдей қолжетімді етуге тырысатын жандардың басын біріктіріп, топ құрдық. Ерекше қажеттілігі барлар мен олардың отбасыларын қолдау мақсатында бұл топ бизнес және мемлекеттік органдар үшін ұсынымдар әзірлеп, оқыту семинарларын өткізіп тұрады.

Бүгінгі таңда елордамызда мүгедектер мәселесіне қатысты маңызды жұмыстар жалғасуда. Атап айтсақ, қала мүгедекті-

гі бар жандар үшін ыңғайлы болуға тырысуда. Жақында «Samruk-Kazyna Trust» қорының қолдауымен «Инклюзивті қоғамды дамыту Еуразиялық қауымдастығы» ЗТБ мамандары «Балам-ай» мүгедек балаларды қолдау қайырымдылық қоры оңалту орталықтарының, Астана қаласы ІД полиция бөлімшесінің және қаланың 17 кітапханасының қаншалықты қолжетімді екенін тексеруді бастады. Жалпы елордада мүгедектердің мәселесін шешу үшін көптеген іс-шара қабылданауда. Бұл игі істердің дені медициналық оңалту, әлеуметтік қызметтер, тұрғын үй мен жұмыспен қамту мәселелерін шешуге бағытталған.

Астана қарқынды түрде дамып, қалада көліктер саны артып келеді. Бірақ қарапайым жаяу жүргіншілер жолы әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар үшін, атап айтқанда, арбамен жүретіндерге қиындық тудырып келеді. Атқарылған жұмыстарға тоқталсақ, көп нәрсе жүзеге асырылды. Қала мекемелерінің маңындағы ыңғайлы пандустар, жаңа ғимараттардың кең дәліздері, лифтілер мен арнайы дәретханалар сөзімізге айқын айғақ. Бірақ, әрине, шешімін күткен проблемалар да жоқ емес. Мысалы, пандустар барлық жерде бірдей мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ыңғайлы деуге келмес, кей жерлерде көмекке шақыру түймелері жетіспейді, арнайы дәретханалардағы мүгедектігі бар жандарға арналған құрылғылар дұрыс жобаланбаған немесе орнатылмаған, кейбір ескі ғимараттарда лифтілер жоқ, аялдамалар мен тұрақтарда мүмкіндігі шектеулі азаматтарға жағдай қарастырылмаған. Кейбір тұрғын үйлердің бірінші қабаттарындағы дәріханалар мен минимаркеттерге кіру де қиынға соғып жатады. Сондықтан мекемелердің сайттарында сол орынға қалай жетуге болатыны және оның мүгедектігі бар жандар үшін қаншалықты қолжетімді екені туралы ақпараттың болуы маңызды деп есептеймін.

Қаладағы барлық мекеме басшылары мүгедектердің қоғамдық ұйымдарымен ынтымақтаса жұмыс істесе, көп мәселенің түйіні шешілер еді. Біз болашақта еліміздің кез келген адамы үшін қандай да бір кедергілер мен шектеулер жоқ қоғам болғанын қалаймыз.

Астана әркім өзін жайлы сезінетін қала болуға ұмтылуда. «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен «ЕАРИО» ЗТБ сарапшылары мүгедектігі бар жандар үшін бірнеше маңызды мекеменің: оңалту орталықтары, полиция қабылдау бөлмелері және қала кітапханалары қызметтерінің қолжетімділігін тексеруді бастады. Мекемелердің маңына мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ыңғайлы пандустар мен лифтілер орнатылып жатқанына қарамастан, инфрақұрылымның ыңғайсыз жақтары да, атап айтсақ, навигацияның болмауы және веб-сайттардағы ақпараттың жетіспеушілігі, нысандарға барған кезде қажетті көмектің аз көрсетілуі секілді проблемалар баршылық. Жекелеген жаяу жүргіншілер жолында пандустар бар болса да, олардың сапасы нашар. Азаматтардың қауіпсіздігі бірінші орында тұруы керек деп ойлаймын. Физикалық мүмкіндіктеріне қарамастан, әр адам өзін жайлы және сенімді сезінетін қалада, қолжетімді ортада өмір сүрсе дейміз.

– Астананы инклюзивті қалаға айналдыру жолында маңызды қадамдар жасалауда. Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Еліміздің бас қаласында мүгедектігі бар жандар үшін ыңғайлы орта құру бойынша үлкен жұмыс жалғасуда. Президент реформаларының тағы бір жеңісі – халықты маразалайтын мәселелер көшеде емес, Парламент қабырғасында талқылана бастады. Біз мазмұнды, конструктивті талқылау мәдениетін қалыптастырып жатырмыз.

Конституциялық соттың құрылуы сот төрелігі мен азаматтардың құқығын қорғауда жаңаша қуатты құралға айналды. Париж қағидаттарына сәйкес, жұмыс істейтін дамыған Еуропа елдерінде адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтына конституциялық мәртебе берілді. Президент жария еткен заңмен тәртіп үстемдігі әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі ретінде қоғамда сындарлы ахуал қалыптастыруда. Ал заңмен тәртіп идеологиясы

арқасында мыңдаған отбасы баспананың толық иесі атанады. Бұл өзгеріс – әлеуметтік жағдайы төмен азаматтардың баспана мәселесін шешуге бағытталған маңызды қадам.

Депутат ретінде алға қойған миссиямның бірі – мүгедектігі бар адамдарға арналған қызметтерді оңтайландыру. Парламент қабылдаған әртүрлі заңда белгілі бір дәрежеде мүгедектерге қатысты нормалар бар, мен осы нормалардың соларға пайдалы болуы үшін қолымнан

МЕН ҮШІН ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ НЕМЕСЕ ИНКЛЮЗИВТІ ОРТА – БҰЛ ЖЫНЫСЫНА, ЖАСЫНА, МҮГЕДЕКТІГІНІҢ БОЛУЫНА, ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІНЕ, ҚАЛАДА НЕМЕСЕ АУЫЛДА ТҰРАТЫНЫНА ҚАРАМАСТАН, БАРЛЫҒЫНА ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖАЙЛЫ ҚОҒАМ. МҰНДАЙ ҚОҒАМДА МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫҢ ӨМІР СҮРУІ, ОҚУЫ, ЖҰМЫС ІСТЕУІ НЕМЕСЕ АДАМДАРМЕН АРАЛАСУЫ ЖӘНЕ АРМАНЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ ҮШІН БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУЫ ТИІС

адамдардың санасына бекем орнығып, қазақстандықтардың өмір салтына айналып келеді. Президенттің тапсырмасымен тұрғын үй саясатына өзгерістер енгізіліп, әлеуметтік осал топтарға жалға берілген баспананы жекешелендіру құқығы берілді. Өзгерістер енгізілген заңға сәйкес, I, II топтағы мүгедектер, соғыс ардагерлері, Чернобыль апаты мен Семей полигонынан зардап шеккендер пәтерлерін тегін жекешелендіре алады. Ал қалған азаматтар қалдық қунымен сатып алу мүмкіндігіне ие болады. Бұған дейін сатып алу құқығынсыз жалға берілген тұрғын үйлерді жекешелендіру мүмкіндігі болмаған, алайда жаңа заңның

келгеннің бәрін жасаудамын. Мен үшін инклюзивті қоғам немесе инклюзивті орта – бұл жынысына, жасына, мүгедектігінің болуына, тұрғылықты жеріне, қалада немесе ауылда тұратынына қарамастан, барлығына ыңғайлы және жайлы қоғам. Мұндай қоғамда мүгедектігі бар адамдардың өмір сүруі, оқуы, жұмыс істеуі немесе адамдармен араласуы және арманын жүзеге асыруы үшін барлық жағдай жасалуы тиіс. Ал мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы орта керек. Бұл бағытта бірлесе жұмыс жүргізіліп жатыр. Елордамызда толық қолжетімді орта қалыптастыру үшін әлі де көп жұмыс істеуіміз қажет.

Сұхбаттасқан **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**



ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Астанадағы ҚР Қарулы күштерінің әскери-тарихи музейінде «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» атты халықаралық сурет көрмесі ашылды. Онда Қазақстан, Қырғыз-стан, Ресей суретшілерінің 100-ге жуық туындысы қойылған.



Райхан РАХМЕТОВА

Салтанатты ашылу рәсіміне ҚР Қарулы күштерінің ардагерлері, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық сыныбының оқушылары және ЖОО студенттері, еліміздің кәсіпқой суретшілері, Қазақстан азаматтық альянсының, Невада-Семей халықаралық антидролық қозғалысы

ның өкілдері, Мәжіліс депутаттары қатысты. ҚР ҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Әскери-тарихи музейі, Қазақстан Суретшілер одағы мен Сурет академиясы бірлесе ұйымдастырған көрме келешекте Қазақстанның көптеген қаласында жалғасын табатын үлкен жобаның тұсаукесері болды.

– Негізгі мақсат – соғыстағы батырлар есімін ұлықтау, өнер арқылы жастарға әскери-

патриоттық тәрбие беру, музей ісін дамыту. Көрмеге қойылған картиналарды Қазақстан Суретшілер одағы мен Қазақстанның Сурет академиясы жинақтаған. Біз музей тарапынан 15 картина қойдық. Бұл көрме бір айға жуық уақыт тұрады, келем деушілерге есіміз ашық, кіру тегін, – дейді аталған музей директоры, ҚР ҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығы директорының

орынбасары, майор Дәулет Қадыров.

Көрмеге қатысқаны үшін суретшілер мен бірқатар ұйымдастырушы арнайы сертификаттармен марапатталды.

– Қазақстан халқы ерлікке толы өткен тарихын құрметтейді. Ел басына күн туғанда 1,5 миллионнан астам жерлесіміз қан майданға аттанды. Оның 600 мыңға жуығы бейбіт өмір үшін жан қиды. Бұл көрмеде көркемсурет мектебі оқушыларының шығармалары ерекше мәнге ие. Олар өз туындыларында ортақ тарихымызға, аға буынның қаһармандығына шынайы көзқарасын көрсете білген, – деді Мәжіліс депутаты Павел Казанцев.

Көрмеде портреттермен қатар, тарихи сәттер мен оқиғаларды бейнелейтін картиналар да қойылған. Олардың қатарында Манарбек Бурмагановтың «Ту тігу», Юрий Поповтың «День Победы со слезами на глазах», Асылмардан Қадырбаевтың «Кеңес Одағының Батыры Сұлтан Баймағамбетовтің ерлігі» және басқа жұмыстар бар.

– Туындыларға тек соғыс, ұрыс даласындағы шайқас қана емес, оған дейінгі және одан кейінгі ауыр жылдар, майданнан баласын күткен ана, ауылдағы жағдай, тылдағы еңбек, жандану сияқты абстракттылы тақырыптар арқау болған. Картиналарды кәсіпқой суретшілер салғандықтан, олар көбіне кенеп, майлы бояуды қолданған. Бұл соғыстың бүгінгі әрбір



қазақстандыққа қатысы бар, көбіміздің аталарымыз, туыстарымыз осы соғыстан оралмай қалды, жаралы, мүгедек болып келді. Сондықтан Жеңістің мерейтойы қарсаңында өтіп жатқан халықаралық деңгейдегі көрменің мән-мағынасы зор, – дейді Астана қаласы «Суретшілер одағы» ҚБ басқарма төрағасы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Көр-

кем академия академигі, суретші-кескіндемеші Өмірәлі Исмаилов.

Жиын барысында Ұлттық әскери-патриоттық орталығы ансамблі солистерінің орындауында соғыс жылдарындағы әндер шырқалды. Көрме бұдан әрі Алматы, Жамбыл, Қызылорда және басқа да облыстарда жалғасын табады.

ӘКЕМНІҢ МҰРАСЫ – ХАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Өнер әлемінде тұсауымды кескен алғашқы ұстазым – әкем. 6 жасымнан қолымнан жетектеп Алматы қаласындағы республикалық Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектебіне алып барып, өмірдің даңғыл жолына салған адам. Өмірінің соңына дейін шығармашылықпен айналысып, өмірге деген құлшынысымды арттырған қайталанбас тұлға. Әкеміздің әрбір шығармасы елдің рухын көтеретін, Ұлы даланың ұлы тарихи тұлғаларының бейнесін күйлерімен суреттеген. «Төле би толғауы», «Тұран елі», «Шабыт», «Самғау» күйлерін айтатын болсақ, бұл дүниелер – қазақтың тарихы.

Әкеміз – әйгілі күйші Әбдімомын Желдібаев – қазақ халқының көрнекті қайраткерлері, билері мен батырларының ерлігін күймен күмбірлетіп, қазақтың күй өнерінің қоржынына қоммақты үлес қосқан азамат. Анасының рухына «Сұлтұт» әнімен мәңгілік ескерткіш орнатқан жыр алыбы. Ауылға келгенде таң атқанша таңмен таласып сыр шертіп, таңшолпанды қарсы алып ұзақ отыратынбыз. Әкем өмірімдегі ең адал ұстаз, ең сенімді дос және нағыз өнердің шынайы жанашыры еді. Күйші Әбдімомын Желдібаевтың күйлері тек әуен емес, жүректің үні, халықтың шешіресі, қазақ рухының биік шарықтауы болатын. Оның әрбір нотасында терең мағына жатыр, әрбір шығармасында қазаққа деген жүрегінің дүрсілі сезілетін.

Мен үшін әкем тек өнер адамы ғана емес, өмірдің ең маңызды құндылықтарын үйреткен тұлға болды. Ең алдымен, шынайылық пен еңбексүйгіштік қасиеттерді бойыма сіңірді. «Өнер таза жүректен туады» деп жиі айтатын. Сол сөздері шығармашылығымға бағыт-бағдар беріп, әрбір әуенді жүрекпен сезінуге үйретті. Әкемнің жанында жүрген әр сәт үлкен мектеп еді. Ол тек күй тартып қана қоймай, оның терең мағынасын ашып, әрбір дыбыстың тарихын айтып



беретін. Қолына домбырасын алғанда, бүкіл әлем ұйып тындағандай болатын. Оның шерткен күйлерінде туған жердің самалы, ана әлдіі, көшпенді бабалардың дауысы естілетін.

Маған арнаған «Балбөбегім» атты шығармасында мынадай керемет жыр шумақтары бар:

Ер жетіп есейген соң еңбегіңмен, Сен шықшы мен шықпа-

ған шыңға, балам, – деп айтылады.

Аллаға шүкір, әкемнің шығармаларын өңдеп, әндерін жұбайым, әнші Сәуле Желдібаева орындап, біраз алғысын, батасын алдық. Сәуле екеуміздің ұл-қыздарымыздың бәрі ата жолын қуып, өнерімен халыққа қызмет етіп келеді. Тұңғышымыз Меруерт Желдібаева 6 жасынан күйші әрі әнші, Қазақ ұлттық өнер университетінің түлегі, қазіргі таңда сол оқу ордасында дәріс береді. Үлкен ұлымыз Шалқар 6 жасынан скрипка аспабын меңгеріп, ҚазҰӨУ-ді бітіріп, қазір Астана Операда музыкант болып қызмет етеді. Ал кенже ұлымыз Нұрғиса атасының қара домбырасын игеріп, музыка мектебін бітіріп, қазіргі таңда Л.Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінде дәріс алып жүр. «Тамырымды тереңге жайған әулетімнің дәулеттері» деуші еді марқұм әкем. Ол кісінің артына қалдырған мұрасы – тек менің ғана емес, бүкіл қазақ халқының қазынасы. Күйлері мен әндері, әңгімелері жүрегімізде мәңгі сақталады. Әкемнің рухы әрқашан менімен бірге. Оның мұрасы мәңгілік!

Талғат ЖЕЛДІБАЕВ,
Астана қаласы
Райымбек батыр атындағы
№50 «Қазғарыш»
мектеп-лицейінің хор
дирижері, сазгер

Ұлттық академиялық кітапхананың «Мұқағали Мақатаев» залында Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығына орай «Ғасырлар пернесі» атты шығармашылық кеш өтті.

ҰЛТ ҰСТАЗЫН ҰЛЫҚТАДЫ



Шапағат ӘБДІР

Астана қаласы Білім басқармасы Әдістемелік орталығының қолдауымен ұйымдастырылған іс-шараға Шымкент қаласындағы республикалық «Ғажайып Қазақстан 2050» газет-журнал ұжымы және Алматы, Кентау, Қосшы қалаларынан, Түркістан, Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстарынан келген, түрлі салада қызмет атқаратын ұстаздар мен кітап авторлары қатысты. Кеш шымылдығын күйші, ұстаз Бахыт Шампетовтің жетекшілігімен Қаныш Сәтпаев атындағы №61 орта мектеп-лицейдің «Шабыт» ансамблі Құрманғазының күйлерімен ашты. Одан кейін «Ұстаздардың ұстасы» атанған Оспан Сүлейменұлына арналған Қайырғали Әбішевтің «Ғасыр пернесі» атты шығармасы орындалды.

Іс-шара барысында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Ел тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Дүйсен Сейтқали «Қазақтың ұлы ағартушы қайраткері Ыбырай Алтынсарин» баяндамасын оқыды. Сондай-ақ кеш аясында «Ғажайып Қазақстан

2050» журналының кезекті санының тұсауы кесілді. Журналдың бұл санында астаналық №61 орта мектептің мұғалімі, күйші Бахыт Шампетовтің ұстаздық жолы, оның жетекшілігіндегі «Шабыт» ансамблінің республикалық және халықаралық байқаулардағы жетістіктері жайында кеңінен жазылған.

– «Ғасырлар пернесі» шығармашылық кешімізді өткізу барысында біз ұлт ұстазы атанған Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығын атап өтудеміз. Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының білім саласындағы жаңа дәуірін ашқан ұлы тұлға, оның еңбектері мен тұл болашағына деген сенімі – әрбір ұстаз үшін үлкен үлгі. Оның ұлттық білімге, тәрбиеге, мәдениетке деген көзқарасы бүгінгі таңда да өз мәнін жоғалтпай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Осы тұрғыда алғанда, біз ұстаздардың қоғамдағы орны мен еңбегін ерекше бағалап, оларға көрсетілетін құрметтің маңызын әрдайым есімізде ұстап келеміз, – деді кеш ұйымдастырушысы, қоғам қайраткері, ақын Оспан Сүлейменұлы.



ОН ТОМДЫҚ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада қазақ ғылымының атасы, академик Қаныш Сәтбаевтың 10 томдық шығармалар жинағының салтанатты тұсаукесері өтті.

Ғұлама ғалымның туған күні және ғылым күні қарсаңында өткен мәдени-рухани іс-шараға Президент Әкімшілігінің жауапты қызметкерлері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ҚР Парламентіндегі Президент және Үкімет өкілдері, ҚР Парламентінің Сенат және Мәжіліс депутаттары, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі, Ұлттық құрылтай мүшелері, министрлік қызметкерлері мен жоғары оқу орындарының ректорлары, зиялы қауым мен баспасөз өкілдері қатысты.

Академиктің мұралары енген бұл жинаққа оның 1923-1963 жылдар аралығындағы ғылыми еңбектері, зерттеулері, баяндамалары мен рухани жазбалары жүйеленіп, қазіргі заманғы стандарттарға сай жарық көріп отыр.

Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің ұжымы және «Халықаралық Сәтбаев қорының» атсалысуымен, Ғылым және жоғары білім министрлігінің, ҚР Парламенті Сенатының тікелей қолдауымен «Атамұра» баспасынан шыққан бұл кітап 10000 дана таралыммен республикадағы ғылыми мекемелер мен өңірлердегі жоғары оқу орындарына тегін таратылды. Цифрлық нұсқасы да көпшілікке қолжетімді.

МАҒАЗ ШЫҒАРМАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Кеше Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, драматург Мағаз Разданұлының туғанына 100 жыл толуына орай үш томдық таңдамалы шығармаларының таныстырылымы өтті.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Кеш тізгінін ұстаған ҚР Жазушылар одағы Астана бөлімшесінің басшысы Бауыржан Бабажанұлы Қытай қазақ әдебиетінің даму жолына тоқталып, Мағаз Разданұлы сынды қаламгерлердің шығармалары қазақ руханиятына қосылған баға жетпес қазына екенін атап өтті.

– Қытай қазақ әдебиеті – қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен рухани құндылықтарының бір бөлігі. Ол дәстүрлі ауыз әдебиетімен сабақтасып, XX ғасырдың басынан жазба түрде дамыды. Осы әдебиеттің өкілдері тарихи және заманауи тақырыптарды көтеріп, ұлттық санын оятуға үлес қосты. Соның ішінде Мағаз Разданұлының шығармалары терең философиялық мазмұнымен, көркемдік қуатымен ерекшеленеді. Оның үш томдығының Қазақстанда жарық көруі – мәдениетімізге қосылған маңызды рухани қазына, – деді ол.

Жазушы, тарих ғылымдарының докторы Тұрсынқан Зәкенұлы Мағаз Разданұлының өмір жолын, әдеби мұрасын жан-жақты саралап, аталған іс-шараны қаламгердің елорда төрінде ұлықталуы деп бағалады.

«Мағаз Разданұлы – XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, көркем сөздің хас шебері. Ол – өмірдің ащы-тұщысын татып, соқтықпалы-соқпақты заманда да қаламын тастамаған қайраткер тұлға. Оның шығармаларында азаматтық үн, тарихи таным, терең философиялық толғаныс қатар өріліп отырады. Әсіресе өлеңдеріндегі ішкі қуат, образдық тұтастық оқырманын бей-жай қалдырмайды» деді жазушы.

Мағаз Разданұлы (1924-1998 жж.) – Қытай Халық Республикасы Жазушылар одағының мүшесі. «Алтайдың ақиықтары», «Ата заман сөйлейді» тарихи романдары, «Асулар толғауы», «Уақытқа жауап» жыр-толғаулары, «Сары бел» өлең-романы сынды елеулі еңбектерімен танымал. «Мәдениет төңкерісі» кезінде жазықсыз қуғынға ұшырап, 20 жылға жуық түрмеде отырған ол 1978 жылы толық ақталып, ақтық демі үзілгенше туған жерінде шығармашылықпен айналысты.

КЕНТАУДЫҢ ӨНЕР КЕҢІСТІГІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кентау Назарбектің «Бір бәйтерек, бір шынар» атты шығармашылық кеші өтті.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» демекші, аталмыш кеш осындай концерттерден өзгеше сипатта өрбіді. Композитор туындылары арқылы Отанды, туған жерді сүйеге, ата-ананы қадірлеуге, достыққа берік болуға шақырады. Ән кешінде, негізінен, аталған тақырыптардағы шығармалар шырқалды. Кентау Назарбектің әндерінен бөлек күйлері де бар. Сондай «Керуен-ғұмыр» атты күйін белгілі күйші Айбек Бекбосын орындады. Кеш екі бөлімге бөлінді.

Бірінші бөлімде Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрінің сүйемелдеуімен әндер айтылды. Осы оркестр дирижері, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов Кентау Назарбектің ұлы Абайдың өлеңіне жазылған «Әсемпаз болма әрнеге» әнін оркестрге түсірген еді. Концерт басында көрермендерге осы туынды ұсынылды.

Жалпы Кентау Назарбек – Абай елінің перзенті. Ол көрнекті композитор Теміржан Базарбаевты ұстаз тұтады. Музыка мамандары, мәдениет және өнер қайраткерлері Кентаудың шығармалары Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай сынды халық композиторларының, кеңес заманында қазақ музыкасын бір биікке көтерген Нұрғиса Тілендиев, Әбілахат Еспаев, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсенов секілді музыка майталмандарының мұрасынан тамыр тартатынын айтады. Ал Абай, Шәкәрім дәстүріне композитор сол топырақта туғандықтан әу бастан жақын. Белгілі ақын Әділғазы Қайырбековтің жырына «Абайдың өлеңі» аталатын ән де жазды. Бұл туынды да кеште әуеледі.

Кештің екінші бөлімі эстрадалық бағытта өтті. Бір айта кетерлігі, аталмыш концерт халықаралық деңгейге шығып кетті деп айтсақ та болады. Себебі Қырғызстаннан арнайы келген әншілер Айпері Құлбаева мен Венера Назаралиева да өнер көрсетті. Кентау Назарбек ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдеріне біраз ән жазды. Мұқағалидың досы болған белгілі ақын Шәмші Мұхамеджановтың жырларына да шығармалар туындатты. Қазақстанның халық әртісі, «қазақтың ерке қызы» Мақпал Жүнісова Кентаудың Мұқағалидың да, Шәмшідің де өлеңдеріне жазылған әндерін шырқап, жиналғандардың жан сарайын ашып, құлақ құрышын қандырды. Бұған қоса, Гүлмира Ақүрпекова, Алма Аманжолова, Кенжебек Жанәбілов, Жанат Шыбықбай, т. б. осы секілді танымал әншілер композитордың әндерін айтты. «Алем» заманауи би балеті, «Айналайын» және «Қоңырау» балалар хорлары кеш шырайын кіргізді.

Концертке атау берген «Бір бәйтерек, бір шынар» әні жайлы айтсақ, бұл туынды – Кентау Назарбектің өнердегі «төлқұжаты». Әннің сөзін композитордың әпкесі Бақыт Назарбекова жазды. Аталған шығарма авторларының ата-аналарына арналған. Өкінішке қарай, әкелері мен Бақыт Назарбекова өмірден озып кетті. Кентау Назарбек осы кешті де солардың рухына арнады.

Кеш соңында Абай облысының әкімі Берік Уәлидің құттықтауы оқылды. Композитордың астына туған елі ат мінгізді. Биыл Кентау Назарбек мерейлі 60 жасқа толды. Шығармашылық кеші осы мерейтойына орайластырылды. Сондай-ақ күні кеше ғана Астанадағы №101 мектепте композитор атындағы музыка кабинеті ашылды.

КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА КЕЛЕШЕГІ

Астанадағы Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде қыздар арасында көркем гимнастикадан ел чемпионаты басталды. Жарыста еліміздің 18 өңірінен 500-ге жуық жас гимнастшы өнер көрсетіп жатыр.



Ашылу рәсімінде ұлттық құраманың жаңа бас бапкері Лола Әділбекованы салтанатты түрде құттықтап, жаңа қызметінде сәттілік тіледі. Одан бөлек, салтанатты жиында эстетикалық гимнастикадан Азия чемпиондары, елордалық «Фурор» тобы өз өнерімен көрерменді тәнті етті.

«Үш олимпиадалық циклден кейін Әлия Юсупова бас бапкерлік орнын босатып, федерация президенті қызметіне кірісті. Маған сенім артқан баршаңызға алғысымды білдіремін. Париж Олимпиадасынан кейін Эльжана Таниева спорт мансабын аяқтауға шешім қабылдаған еді. Енді отандық көркем гимнастикадан ересектер арасында нақты көшбасшы жоқ. Бұл бәсекеге келетін болсақ, тек I разряд және спорт шеберлігіне үміткерлер қатысып жатыр. Олар өздерінің шеберлігін көрсетіп, келесі деңгейге өтуге мүмкіндік алады. Мұндай көпсайыс бәсекесі жылына бір мәрте ғана ұйымдастырылады» деді бас бапкер Лола Әділбекова.

Ашылу рәсімінде ұлттық құраманың жаңа бас бапкері Лола Әділбекованы салтанатты түрде құттықтап, жаңа қызметінде сәттілік тіледі. Одан бөлек, салтанатты жиында эстетикалық гимнастикадан Азия чемпиондары, елордалық «Фурор» тобы өз өнерімен көрерменді тәнті етті.

«Үш олимпиадалық циклден кейін Әлия Юсупова бас бапкерлік орнын босатып, федерация президенті қызметіне кірісті. Маған сенім артқан баршаңызға алғысымды білдіремін. Париж Олимпиадасынан кейін Эльжана Таниева спорт мансабын аяқтауға шешім қабылдаған еді. Енді отандық көркем гимнастикадан ересектер арасында нақты көшбасшы жоқ. Бұл бәсекеге келетін болсақ, тек I разряд және спорт шеберлігіне үміткерлер қатысып жатыр. Олар өздерінің шеберлігін көрсетіп, келесі деңгейге өтуге мүмкіндік алады. Мұндай көпсайыс бәсекесі жылына бір мәрте ғана ұйымдастырылады» деді бас бапкер Лола Әділбекова.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г қуәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 42
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

✉️ Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ